



## Хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер

**1961 жылы Халықаралық Театр институты Вена қаласында өткен ІХ конгресінде 27 наурызды «Халықаралық театр күні» (World Theatre Day) деп белгілеген болатын. Сол уақыттан бері атаулы күнді кәсіби мерекесі ретінде Халықаралық Театр институты мен дүниежүзіндегі театр ұжымдары атап өтеді.**

Осы мерекеге орай Арқалық қазақ жасөспірімдер театрында «Театр – сен өнердің сәнісің» деген атаумен спектакль - концерт бағдарламасы ұсынылды. Шара барысында: «Кейкі батыр» драмасы, «Не жазып ем...» поэтикалық қойылымы, «Қанды азу», «Ақ кеме», «Тыныштық күзетшісі», «Ана – Жер ана», «Тозанды терезе», «Уау, Қыздар!» драмалары мен «Қыз Жібек» трагедиясы сынды қойылымдардан үзінділер көрсетілді. Өнерсүйер көрермен мәнді – мағыналы қойылымдардың мазмұнына, әртістердің шеберлігіне тәнті болып, қол соғып, құрмет көрсетті. Ән мен биден де шашу шашылып, мерекелік

көңіл – күйді еселеді.

Халықаралық театр күнімен өнер ұжымын Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Мешітбай ЖҰМАНОВ құттықтап, елге рухани азық сыйлауда атқарып келе жатқан еңбектері үшін алғыс айтты. Театр қоғамды тәрбиелейтін киелі өнер ордасы екенін тілге тиек етіп, тұрғындарды Арқалық қазақ жасөспірімдер театрына қойылымдарды тамашалауға жиі келіп тұруға шақырды. Сондай ақ, Арқалық қазақ жасөспірімдер театры директорының міндетін атқарушы Нұрлыбек ҚАСЖАНОВҚА Қостанай облыстық кәсіподақ ұйымының алғыс хаты, театр мамандарына Арқалық қаласы әкімінің алғыс хаты мен құрмет грамотасы салтанатты түрде табыс етілді. Басқа да мекеме мен ұжым өкілдері театр әртістеріне мерекелік құттықтауларын арнап, сый – сияпаттарын табыс етті.

Ғабит Мүсірепов: «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп театрға өз деңгейіндегі бағасын берген. Олай болса, осы өнердің төресі, қоғамды тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратын театр ұжымын төл мерекелерімен құттықтап, шығармашылық табыстар тілейміз!

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ